

Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 наурыздағы N 291 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы
№ 636 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 636 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

12

наурыздағы

N

291

қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау ережесі

Осы Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 41-бабына сәйкес әзірленді және мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау тәртібін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға, Ұлттық әл-ауқат қоры тобына енетін ұйымдарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын оның ұйымдарына, бірлесіп дербес білім беру ұйымдарына және олардың Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұйымдарына жекелеген

мемлекеттік қызметтер көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да міндеттерді орындауға, тапсырыс мемлекеттік тапсырма болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен.

2. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға мемлекеттік тапсырманы орындауға бюджет қаражатын бөлу осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталы ұлғайтылмай жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу тәртібі

3. Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу мемлекеттік тапсырма нысанында мемлекеттік қызметтер көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе басқа да міндеттерді орындауға арналған ұсыныстар мен негіздемелер дайындауды қамтиды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 296 Қаулысымен.

4. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі республикалық бюджетті әзірлеу кезінде стратегиялық жоспардың жобасымен және бюджеттік өтініммен бірге мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік тапсырма нысанында мемлекеттік қызметтер көрсетуге немесе бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға ұсыныс жасайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Ұсыныс осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі және мыналарды:

1) мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның атауын;
2) мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның сипаттамасын;

3) мемлекеттік тапсырманың орындалуына жауапты жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаның немесе Ұлттық әл-ауқат қоры тобына енетін ұйымның немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын оның ұйымдарының немесе дербес білім беру ұйымының немесе оның ұйымының атауын;

4) шеңберінде мемлекеттік тапсырманы орындау ұсынылатын республикалық бюджеттік бағдарламаның атауын және оны орындауға жоспарланып отырған бюджет қаражатының сомасын;

5) мемлекеттік тапсырманы орындау мерзімін;
6) атап айтқанда мемлекеттік тапсырма нысанында мемлекеттік қызметті немесе бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру қажеттігінің негіздемесін
қ а м т у ы т и і с .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.03.2012 № 296 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен.

6. Мемлекеттік тапсырма нысанында орындау жоспарланып отырған мемлекеттік қызметтер мен бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларымен, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерімен бірге Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 296 Қаулысымен.

7. Мемлекеттік тапсырма нысанында іске асыру жоспарланып отырған бюджеттік инвестициялық жобалар бюджеттік инвестициялық жобаларды жоспарлаудың Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген барлық рәсімдерінен өтеді.

8. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет туралы заңның негізінде және Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және мемлекеттік тапсырмаларды орындауға жауапты заңды тұлғаларды көрсете отырып, мемлекеттік тапсырмалардың тізбесін (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырмалар тізбесі) қалыптастырады.

Мемлекеттік тапсырмалар тізбесі:

1) мемлекеттік тапсырма нысанында жүзеге асырылатын мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның атауын;

2) мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның қысқаша сипаттамасын;

3) мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен заңды тұлғаның атауын;

4) шеңберінде мемлекеттік тапсырма орындалатын Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кодын көрсете отырып, республикалық бюджеттік бағдарламаның атауын;

5) мемлекеттік тапсырманы орындауға қажетті бюджет қаражатының сомасын қамтуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның сипаттамасы қысқа әрі нақты болуы және мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның мәнін көрсетуге тиіс.

Мемлекеттік тапсырмалар тізбесі республикалық бюджет туралы заңды іске

асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша нысанда б е к і т і л е д і .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 296 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

9. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді кейінге қалдырмай шешу қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржы жылы ішінде Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, республикалық бюджетте бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалар шегінде Мемлекеттік тапсырмалар тізбесіне толықтырулар енгізуі мүмкін.

3-тарау. Мемлекеттік тапсырманы орындау тәртібі

10. Мемлекеттік тапсырманы орындау бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламаларды республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында азаматтық-құқықтық мәміле (бұдан әрі - шарт) жасау арқылы іске асыру шеңберінде нәтижелер көрсеткіштері көрсетіле отырып, жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 296 Қаулысымен .

11. Шарт мемлекеттік тапсырманы орындаудың тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштерін, қажет болған кезде сапа мен тиімділік көрсеткіштерін, мемлекеттік тапсырманы орындау мерзімін, бюджет қаражатын алған және пайдаланып отырған заңды тұлғаның мемлекеттік тапсырманы орындау көрсеткіштеріне қол жеткізібегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылығы қамтуы тиіс.

12. Мемлекеттік тапсырманы орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген конкурстық рәсімдер сақталмай жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға немесе Ұлттық әл-ауқат қоры тобына енетін ұйым немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын оның ұйымдары, дербес білім беру ұйымы немесе оның ұйымы шеңберінде мемлекеттік тапсырма орындалатын республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісіне шартта

белгіленген мерзімде оның орындалу барысы туралы есеп береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен.

Мемлекеттік тапсырманы
әзірлеу және орындау
ережесіне қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 296 Қаулысымен.

Мемлекеттік тапсырма нысанындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетуге немесе бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған ұсыныс

(республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)

№	Мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның атауы	Мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның сипаттамасы	Мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаның немесе Ұлттық әл-ауқат қоры тобына енетін ұйымның немесе дербес білім беру ұйымының немесе оның ұйымының атауы	Шеңберінде мемлекеттік тапсырманы орындау ұсынылатын республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы	Мемлекеттік тапсырманы орындауға жоспарланатын бюджет қаражатының сомасы	Мемлекеттік тапсырманың орындалу мерзімі	Мемлекеттік тапсырма нысанында мемлекеттік қызметті көрсету немесе бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру үшін негіздеме
1	2	3	4	5	6	7	8